


CEN TEK®

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

**БАТЫРМАЛЫ
БЛЕНДЕР
СТ-1345**

ҚУАТТЫЛЫҚ•САПА•ДИЗАЙН



4814724

МАЗМҰНЫ

1. Қауіпсіздік шаралары
2. Құралдың сипаттамасы
3. Жиынтықтылық
4. Басқару орталығының тағайындалуы
5. Жұмыс тәртібі
6. Аспапқа күтім жасау
7. Техникалық сипаттамалары
8. Қоршаған ортаны қорғау, аспапты кәдеге жарату
9. Сертификаттау туралы ақпарат, кепілдікті міндеттемелер
10. Өндіруші және импорттаушы туралы ақпарат

Құрметті тұтынушы!

Сізге ТМ «Centek» өнімін таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Пайдалану ережелерін сақтай отырып, бұл өнімнің мінсіз қызмет ететіндігіне біз кепілдік береміз.

Өтінеміз, пайдаланар алдында аспапты дұрыс және қауіпсіз пайдалану туралы маңызды ақпараты бар осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

Осы нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз. Құрылғыны тікелей мақсатында пайдаланбаған жағдайда және осы нұсқаулықта көрсетілген ережелер мен шарттар сақталмаған кезде, сондай-ақ құрылғыны білікті емес жөндеуге әрекет жасалған жағдайда өндіруші жауапты болмайды.

Егер аспапты қолдану үшін басқа тұлғаға беруді қаласаңыз, оны осы нұсқаулықпен бірге беруіңізді сұраймыз.

Шаңсорғыш тұрмыстық аспап болып табылады және өнеркәсіптік мақсаттарда қолдануға арналмаған!

1. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Сіз сатып алған аспап Ресей Федерациясында электр аспаптарына қолданылатын барлық ресми қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді.

Өмір мен денсаулық үшін қауіпті жағдайлардың туындауын, сондай-ақ аспаптың мерзімінен бұрын істен шығуын болдырмау үшін, төменде аталған шарттарды қатаң түрде сақтау қажет:

- Балалар тағамын дайындау кезінде аса сақтық шараларын қолданыңыз. Пайдаланар алдында блендердің саптамасын мұқият зарарсыздандырыңыз. Дезинфекциялаушы құралдардың өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.
- Электр қуаты қосулы күйде болғанда блендердің пышағына тиісуге тиым салынады.
- Блендермен жұмыс уақытында оны саусақтарыңыздан, киімнен, шаштан және дененің басқа бөліктері мен заттардан қауіпсіз қашықтықта ұстаңыз.
- Саптамаларды шешер алдында және пайдаланудан үзілістер кезінде аспапты электр желісінен суырыңыз.
- Блендермен ыстық майды өңдеуге тиым салынады.
- Балаларға және аспап пен оны пайдалану ережелерімен таныс емес тұлғаларға блендерді пайдалануға тиым салынады. Бұл аспапты физикалық және ақыл-есі шектеулі (соның ішінде балалар) адамдарға олардың қауіпсіздігі үшін жауап беруші тұлғалардың қарауынсыз пайдалануға арналмаған.
- Электрлік тоқпен зақымдалуды болдырмас үшін аспаптың тұтқасын немесе желілік сымды суға батыруға тиым салынады.
- Балалардың құралмен ойнауына жол бермеңіз.
- Желілік сымды ыстық беткейлер мен жиһаздардың үшкір бұрыштарының айналысына орналастырмаңыз.
- Желілік сым зақымдалған кезде оны авторландырылған қызмет көрсету орталығының күші арқылы ғана алмастыру қажет болады.
- Блендердің үздіксіз ұзақ жұмыс істеуі кезінде қозғалтқыштың қызып кетуі іске асуы мүмкін. Үздіксіз жұмыс кезінде әрбір минут сайын 1 минутқа үзіліс жасап отыру ұсынылады. Мұндай 3 циклдан кейін блендерді суыту үшін ұзағырақ уақытқа өшіру керек болады. Өйтпесе қозғалтқыштың зақымдалуы іске асуы мүмкін.
- Блендердің пышақтарымен жұмыс істегенде және оларды тазалау кезінде абай болыңыз.
- Өңделетін өнімге саптаманы алдын ала батырмай тұрып блендерді қосуға тиым салынады. Блендерді бостан бос 20 секунд бойы қосу оның қозғалтқышының зақымдалуына әкеп соғуы мүмкін.

2. ҚҰРАЛДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Блендердің корпусы жинақы және құрылымы берік болып келеді. Оның көмегімен көже-пюрелерді, соустарды, балалар тағамын, сүтті коктейлдерді және т.б. жеңіл әрі тез дайындауға болады. Блендерді тазалау және қолдану өте қарапайым.

Сіз сатып алған аспап келесі функцияларға ие болып табылады:

- «TURBO BOOST» режимі;
- Жылдамдықты бірқалыпты реттегіш

3. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ

- Блендер - 1 дана.
- Блендерлік саптама - 1 дана
- Чоппер - 1 дана.
- Миксерлік күлте-саптама - 1 дана.
- Өлшемдік стақан - 1 дана.
- Пайдалану жөніндегі нұсқау - 1 дана.

4. БАСҚАРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ТАҒАЙЫНДАЛУЫ

1. Корпусы
2. ҚОСУ / СӨНД.
батырмасы
3. «TURBO BOOST»
режимінің батырмасы
4. Электронды
жылдамдық реттегіш
5. Блендерлік саптама
6. Өлшемдік стақан
7. Чоппер
8. Миксерлік күлте-
саптама



5. ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘРТІБІ

ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

Аспапты электр желісіне қосар алдында желінің кернеуі аспапта көрсетілгенге сай келетіндігіне көз жеткізіп алыңыз. Барлық қаптамалық материалдарды алып тастаңыз. Саптаманы тазартуды жүргізіңіз (“Аспапты күту” бөлімін қараңыз).

АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНУ

Блендер тағам өнімдерін ұнтақтауға және араластыруға арналған.

Блендердің қызып кетуін болдырмас үшін ыстық тағамдарды ұсақтау кезінде оларды 70 °C төмен температураға дейін суыту қажет болады. Блендердің саптамасын шертілгенге дейін бұрай отырып, корпусқа орнатыңыз.

- Аспапты электрлік қуат көзі желісінен ажыратыңыз. Дайындалатын тағамның шашырап кетуін болдырмас үшін саптаманы блендерді қоспай тұрып тағамға батырып алыңыз.
- Ыдысты мықтап ұстап тұрып ажыратып-қосқышты басыңыз. Корпус пен саптаманың арасындағы жалғағыштан төмен деңгейде блендерді батыруға тиым салынады.
- Жұмыс уақытында блендерді жоғары және төмен жылжытыңыз.
- Жұмыс аяқталғаннан соң саптаманы ажыратпас бұрын блендерді электр желісінен суырыңыз!
- Блендерді үздіксіз 1 минуттан артық қолдану ұсынылмайды!
- Саптамаларды шешер алдында, жинарда, бұзарда және пайдаланудан үзілістер кезінде аспапты электр желісінен суырыңыз.

6. АСПАПҚА КҮТІМ ЖАСАУ

Аспапты тазалаудың алдында оны электр желісінен суырып қойыңыз! Пышақтардың жүзін ұстауға тиым салынады. Кейбір тағамдар, мысалы қызылша және т.б. пластик беткейлерінде дақ қалдыруы мүмкін.

Оларды өшіру үшін өсімдік майына малынған матаны пайдаланыңыз.

Суға аздаған мөлшердегі жуғыш затын тамызып ыдысқа құйыңыз, блендердің саптамасын суға батырыңыз және оны қысқа уақытқа қосыңыз.

Аспапты электр желісінен ажыратыңыз және оны құрғақ етіп сүртіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Әр пайдаланудан кейін саптаманы мұқият жуып отырыңыз!

Абай болыңыз! Саптаманың жиектері өткір!

7. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

- қуаттау кернеуі: 220-240 В ~ 50 Гц;
- ең жоғары қуаттылық: 1200 Вт



8. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, АСПАПТЫ ЖООУ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Қаптама, аспаптың өзі қайта қолданылуы мүмкін материалдардан жасалған. Мүмкіндігінше, жою кезінде оларды қайта қолданылатын материалдарға арналған контейнерге лақтырыңыз.

АСПАПТЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Аспап қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, әдеттегі тұрмыстық қалдықтан бөлек жойылуы мүмкін. Оны электрондық аспаптар және электрлік аспаптарды қайта өңдеуге қабылдаудың арнайы пунктіне тапсыруға болады.

Материалдар олардың жіктеліміне сәйкес қайта өңделеді. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін осы аспапты қайта өңдеуге тапсырып, Сіз қоршаған ортаны қорғауға үлкен үлес қосасыз. Электрондық аспаптар мен электрлік аспаптарды қайта өңдеуге қабылдау пункттерінің тізімін мемлекеттік биліктің муниципалдық органдарынан ала аласыз.

9. СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ, КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Тауар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңға сәйкес сертификатталған. Бұл аспап электр аспаптарына қолданылатын

барлық ресми ұлттық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді.

Ресей Федерациясының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Федералды Заңының 5-бабының 2-тармағы тәртібінде Өндіруші белгілеген осы өнім үшін қызмет ету мерзімі, өнім осы пайдалану нұсқауларына және қолданылатын техникалық стандарттарға сәйкес қатаң түрде қолданылған жағдайда, өндірілген күнінен бастап 3 жылды құрайды.

Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты одан әрі пайдалану бойынша ұсынымдарды алу үшін ең жақын авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініз. Бұйымды өндіру күні сериялық нөмірде көрсетілген (2 және 3 таңбалар - жыл, 4 және 5 таңбалар - өндірілген айы). Кепілдік және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсету «Ларина-Сервис» ЖШҚ Краснодар қ., бас сервистік орталығымен жүргізіледі. Тел.: 8 (861) 2-600-900. Қалаңызда сервистік орталықтың болуы туралы ақпаратты көрсетілген телефон бойынша және **www.centek.ru** сайтынан біле аласыз.

Өнімдің сәйкестік сертификаты бар:

№ TC RU C-CN.АЛ16.В.25833 21.08.2017 жылдан



Өнім сертифицикатталған және талап етілген барлық еуропалық және ресейлік стандарттарға сәйкес келеді.

10. ӨНДІРУШІ ЖӘНЕ ИМПОРТТАУШЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

РФ аймағына импорттаушы: ООО «Ларина-Электроникс».

Мекен-жайы: Ресей, 350080, Краснодар қ., Демус көш.14.

Тел.: 8 (861) 2-600-900.

ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫ

Барлық аспаптарға кепілдік мерзімі сатып алынған күннен бастап 12 ай. Өндіруші, осы кепілдік талонымен осы аспаптың жарамдылығын растайды, және өндірушінің кінәсінен туындайтын барлық ақаулықтарды тегін жою бойынша міндетті өзіне жүктейді.

Кепілдікті жөндеу Краснодар қ., Демус көш., 14 үй мекенжайы бойынша орналасқан өндіруші «Ларина-Сервис» ЖШҚ авторландырылған сервистік орталығында жүргізілуі мүмкін. 350080, Краснодар қ., Демус көш., 14. Тел.: 8 (861) 2-600-900.

КЕПІЛДІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ:

1. Кепілдік рәсімдеудің келесі шарттарын сақтаған кезде әрекет етеді:

- егер сатушы компанияның мөрі және кепілдік талонындағы сатушы өкілінің қолы, әр жыртылатын купондағы мөрлер, сатып алушының қолы болса, үлгісінің атауын, оның сериялық нөмірін, сату күнін көрсете отырып, өндірушінің түпнұсқа кепілдік талонын дұрыс және нақты толтыру.

Өндіруші жоғарыда аталған құжаттар ұсынылмаса немесе олардың ішіндегі ақпарат толық емес, түсініксіз, қарама-қайшы болса, кепілдікті қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

2. Кепілдік пайдаланудың келесі шарттарын сақтаған кезде әрекет етеді:

- аспапты пайдалану нұсқаулығына қатаң сәйкестікте қолдану;
- қауіпсіздік ережелері мен талаптарын сақтау.

3. Кепілдікке аспапқа мерзімді қызмет көрсету, тазарту, орнату, иесінің үйінде теңшеу кірмейді.

4. Кепілдік келесі жағдайларға таралмайды:

- механикалық зақымдануларға;
- аспаптың табиғи тозуы;
- пайдалану шарттарын сақтамау немесе иесінің қате әрекеттері;
- қате орнату, тасымалдау;
- дүлей апаттар (найзағай, өрт, су басу және т.б.), сондай-ақ сатушы мен өндірушінің бақылауынан тыс басқа себептер;
- аспаптың ішіне бөтен заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің түсуі;
- уәкілетсіз тұлғалармен жөндеу немесе құрылымдық өзгерістер

енгізу;

- аспапты кәсіби мақсаттарда қолдану (жүктеме тұрмыстық қолдану деңгейінен асып кетеді), аспапты Мемлекеттік техникалық стандарттарға сәйкес келмейтін қуаттайтын телекоммуникациялық және кәбілді желілерге қосу;
- егер оларды ауыстыру конструкцияда көзделсе және бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, төменде аталған бұйым жабдықтарының істен шығуы:

а) қашықтан басқару пультері, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері (батареялар), сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;

б) шығын материалдары және аксессуарлар (қаптама, тыстар, белдіктер, сөмкелер, торлар, пышақтар, шыны сауыттар, тәрелкелер, түпқоймалар, шілтерлер, ұршықтар, құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, саптамалар, шаң жинауыштар, сүзгілер, иіс сіңіргіштер).

- батареядан жұмыс істейтін аспаптар үшін, - қолайсыз немесе тозған батареялармен жұмыс істеу;
- аккумулятордан жұмыс істейтін аспаптар үшін, - аккумуляторды зарядтау және аздап зарядтау ережелерін бұзумен туындаған кез келген зақымданулар.

5. Осы кепілдік, өндіруші тарапынан қолданыстағы заңнама белгілеген тұтынушының құқықтарына толықтырма ретінде ұсынылады және оларды ешбір жағдайда шектемейді.

6. Өндіруші, «Centek» ТМ өнімі адамдарға, үй жануарларына, тұтынушының және (немесе) өзге үшінші тұлғалардың мүлкіне тікелей немесе жанама келтірген ықтимал зиян үшін, егер бұл бұйымды пайдалану, орнату қағидалары мен шарттарын сақтамау нәтижесінде болған жағдайда; тұтынушының және (немесе) өзге үшінші тұлғалардың қасақана және (немесе) абайсызда жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі), еңсерілмейтін күш жағдайлардың әрекеттері үшін жауапты болмайды.

7. Сервистік орталыққа жүгінген кезде бұйымды тек таза күйінде қабылдайды (аспапта азық-түлік қалдықтары, шаң-тозаң және басқа ластанулар болмауы тиіс).

Өндіруші алдын ала ескертусіз, аспаптың дизайны және сипаттамаларын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Өнімнің қызмет ету мерзімі, өнім осы пайдалану нұсқаулығына және қолданылатын техникалық стандарттарға қатаң сәйкестікте пайдаланылған жағдайда өндірілген күннен бастап үш жылға тең. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты одан әрі пайдалану бойынша ұсынымдарды алу үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

Бұйымды өндіру күні сериялық нөмірде көрсетілген (2 және 3 таңбалар - жыл, 4 және 5 таңбалар - өндірілген айы).

www.centek.ru

ҚУАТТЫЛЫҚ-САПА-ДИЗАЙН